

### «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеші

Желтоқсан айының 29 жұлдызында Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжінде 3D және 3С2 сыныбының ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеші өтті. Колледж білім алушылары мен оқытушылары, ата – аналар мен түлектер концерттік бағдарламаның қадірлі қонағы болды. Жаңа жылдың көркі болған - Аяз ата мен Ақша қар да бұл мерекелік кештен өзіндік орындарын алып осы кештің көркі болды. Мерекелік кеште білім алушыларымыз бар өнерлерін ортаға салып көңілді кешті одан әрі қыздыра түсті. Ән шашу мен биден өзге КВН мен көңіл көтерер көріністер қойылып, әр түрлі ойындар ойнатылды. Жаңа Жыл! Жаңа күн! Жаңа өмір! Бұл күн болмыстағы бояудың барлығын үміттен, қуаныштан, махаббаттан алып, айналаға нұр болып шашылып, әр шаңыраққа шуақ болып тарайды. Қай — қайсымыз болсақ та осы мерекелік кештен келесі Жаңа Жылға дейін жүрегімізге есте қалатындай бір сезімді себелейміз, ол сезім бізді келесі Жылға дейін үмітпен жетелеп отырады. Жаңа Жыл әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс алып келсін! Ескі Жылдың қайғы-мұңын, өкпе – наздың барлығын артқа тастап, кіріп келе жатқан Жаңа Жылды көтеріңкі көңіл-күймен, таза, тың ойлармен қарсы алу керек. Әрбір кірген жаңа Жылдың өзінің дайындап отырған қуанышы, бақыты, сыйы болады. Достар, біз де өкпе-назымызды, өкініш-мұңымызды, қиындық сезінген сәттерімізді бір сәт естен шығарып, ескі Жылға қалдырып, Жаңа Жыл табалдырығын махаббатпен, мейіріммен аттайық, бізді алда тек қана қуаныш пен бақыт күтіп тұр деп сенейік. Жаңа Жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын!

